

Қоғамдық жұмыстар орындалуы тиіс қоғамдық жұмыстардың түрлері мен ұйымдардың тізімін анықтау туралы

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 1 қазандағы № А-10/289 қаулысы

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстардың түрлері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес анықталсын.
2. Қоғамдық жұмыстар орындалуы тиіс ұйымдардың тізбесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес анықталсын.
3. "Жарқайың ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік жазаға тартылған адамдардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Жарқайың ауданы әкімінің орынбасары А.О. Әбеноваға жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Жүсіпбеков

Жарқайың ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "01" қазандағы
№ А-10/289 қаулысына
1-қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері
1	Аумақтарды, көшелер мен алаңдарды абаттандыру, тазалау және көгалдандыру
2	Ағаштар мен бұталарды кесу, бұтақтарды кесу
3	Ағаштардың, бұталардың және гүл көшеттерінің көшеттерін отырғызу және жұлу
4	Автобус аялдамаларының аумақтарын абаттандыру және тазалау
5	Тротуарлар мен өту жолдарын абаттандыру кезіндегі қосалқы жұмыстар
6	Жолдарды абаттандыру элементтерін бояу

7	Жол техникасына қол жетпейтін жерлерде жол жабындарын тазалау
8	Аумақтарды қардан тазалау
9	Арнайы кәсіптік даярлауды талап етпейтін басқа да жұмыс түрлері

Жарқайың ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "01" қазандағы
№ А-10/289 қаулысы
2-қосымша

Қоғамдық жұмыстар орындалуы тиіс ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымның атауы
1	"Державин қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
2	"Жарқайың ауданының Бірсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
3	"Жарқайың ауданы Уәлихан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
4	"Жарқайың ауданы Гастелло ауылының әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
5	"Жарқайың ауданының Далабай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
6	"Жарқайың ауданы Жаңадала ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
7	"Жарқайың ауданы Костычево ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
8	"Жарқайың ауданы Құмсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
9	"Жарқайың ауданының Львов ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
10	"Жарқайың ауданы Нахимов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
11	"Жарқайың ауданы Отрадний ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
12	"Жарқайың ауданының Пригород ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
13	"Жарқайың ауданының Пятигор ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
14	"Жарқайың ауданының Тассуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
15	"Жарқайың ауданының Тасөткел ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
16	"Жарқайың ауданы Үшқарасу ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
17	"Жарқайың ауданының Шойындыкөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

Жарқайың ауданының "Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын – үй инспекциясы бөлімінің жанындағы Коммунсервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны